

11 желтоқсан күні КЕМЕ (кәсібі ерекше мұғалімдер еңбегі) “Сапалы сабақ – нәтижелі білім кепілі” тақырыбында “Әдістемелік лайфхак” кеңесу– әдістемелік сессиясы болып өтті.

Мақсаты: педагогтердің кәсіби өсуіне қолдау көрсету, тәжірибе алмасу, әдістемелік лайфхактармен бөлісу арқылы оқу тиімділігін арттыру.

Тренинг–сессияны тарих пәні мұғалімі педагог-зерттеуші Алтайқызы Рита мен педагог Енбаева Эльмира өткізді.

Тренинг–сессия барысында «Kahoot» платформасымен таныстырып, сабақта тиімді қолданудың жолдары көрсетіліп, педагогтермен нақты іс-тәжірибелер ортаға салынды.

Kahoot – сабақты ойын түрінде ұйымдастыру құралы

Тренинг құрылымы:

1. Кіріспе:

– "Ойын арқылы оқыту" ұғымы

– Kahoot не үшін қажет?

2. Теориялық бөлім:

– Kahoot деген не?

– Артықшылықтары:

- Қызықты, интерактивті

- Жылдам кері байланыс

- Барлық оқушыны қамтиды

– Сабақтың қай кезеңінде қолдануға болады? (Бекіту, бағалау, кері байланыс)

3. Тәжірибелік бөлім:

– Мұғалімдер kahoot.it сайтына телефоны арқылы кіріп, «Тәуелсіздік» тақырыбында 15 сұрақтық викторина ойнап көрді

4. Құру жолын көрсету:

– kahoot.com сайтында викторина жасау:

- Тіркелу

- Сұрақ қосу

- Жауаптарды белгілеу

- Ойын режимін таңдау

5. Рефлексия және кері байланыс:

– Қатысушылар Kahoot туралы пікірін ауызша бөлісті.

Kahoot – сабақта қатысу белсенділігін арттыратын, жылдам бағалауға мүмкіндік беретін, заманауи әдіс. Kahoot! — білім беру үдерісінде қолданылатын халықаралық интерактивті онлайн платформа. Бұл жүйе мұғалімдерге оқу процесін қызықты әрі тиімді өткізуге мүмкіндік береді.

Kahoot! арқылы оқушыларға викториналар, тесттер, сауалнамалар және білімді бекітуге арналған ойын түріндегі сұрақтар ұсынылады.

Платформа:

- Интерактивті оқыту элементтерін қамтиды
- Оқушылардың қызығушылығын арттырады
- Жедел кері байланыс алуға жағдай жасайды
- Компьютер, планшет немесе смартфон арқылы қолдануға ыңғайлы

Мұғалімдер өздері жеке викториналар құрастыра алады немесе дайын шаблондарды пайдалана отырып, сабақта, үйірмеде немесе білім сайыстарында қолдана алады.

Kahoot! – заманауи, цифрлық білім беру құралдарының бірі ретінде оқу үдерісін жандандырып, оқушылардың белсенділігін арттыруға бағытталған тиімді әдіс.

Сілтеме:

<https://www.instagram.com/reel/DTAjNjBDIER/?igsh=MXNqb3VtazN5aDUwMA==>

